

Облыс әкімінің 2000 жылғы 7 шілдедегі "Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы" N 160 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 23 қарашадағы N 258 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 7 желтоқсанда N 526 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" N 337-1 Z980337_ Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қыркүйектегі "Қорғау , өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу ережесін бекіту туралы" N 1374 P001374_ қаулысына сәйкес ШЕШІМ қ а б ы л д а й м ы н :

Облыс әкімінің 2000 жылғы 7 шілдедегі "Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы" N 160 шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы Ережеге:

8-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыс кәсіпорындары шығаратын тауарларға қатысты талқылауға ынталылық білдіру жөніндегі дайындық жұмыстарын ұйымдастырудағы атқарушы органдардың қызметін үйлестіру";

18-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің демпингке қарсы бақылау жөніндегі Комитетіне облыста шығарылатын товарларға қатысты талқылау жүргізуде, қорғаныс шараларының ішкі рынок бәсекесіне тигізетін ықпалының салдары туралы қорытынды дайындауда көмек көрсетеді " ;

22-тармақ "және қорытынды беретін басқа мамандарды" сөздерінен кейін, " сондай-ақ облыс кәсіпорындары шығаратын товарларға қатысты талқылау шараларын өткізу үшін қажетті ақпарат дайындау" сөздерімен толықтырылсын.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК